



Оспанов Асан

1912 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Байғабыл ауылында туған. Тұрмыстың ауыртпалығынан інісі Үсенді алып, Қостанай облысының Пешков ауданына көшіп барады. Әскерге 1939 жылы Пешков ауданынан шақырылады. 1941 жылы соғыс басталып, Оңтүстік-Батыс бағытында, кейін І Украина майданына, Киев қаласын азат ету ұрыстарына қатысады. Германияның Дрезден қаласынан өтіп, Берлин қаласына жақындағанда жараланып, госпитальға түседі. Жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталған. Жанұясын Аманкелді ауданына көшіріп әкеліп, Куйбышев атындағы колхозда 1963 жылға дейін жұмыс істеп, 1971

ЖЫЛЫ СОҒЫС салған жарақаттың
зардабынан қайтыс болады.

